

Қазақстан Республикасының Байланыс саласын басқару құрылымын жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 259 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1170 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.08 № 1170 Қаулысымен.

Байланыс саласын мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, оның жұмысының тұрақтылығы мен сапасын арттыру, мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігіне Қазақстан Республикасындағы "Байланыс" саласы мен ақпарат желілерін мемлекеттік басқару, сондай-ақ ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық байланыс құралдары мен жүйелерін дамыту және оларды республиканың мүддесі үшін пайдалану жөніндегі бірыңғай үйлестіруші орган болу функциясы сақталсын.

2. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің құрылымдық бөлімшелері негізінде (республиканың мемлекеттік бюджетімен қарым-қатынастарын өзгертпестен) шаруашылық міндеттерді атқаратын хұқы бар Мемлекеттік почта мен Қазақтелеком ұлттық акционерлік компаниясы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 14.12.1994 ж. N 1409 қаулысымен.

(3 - т а р м а қ) .

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 14.12.1994 ж. N 1409 қаулысына сәйкес.

4. Мемлекеттік почта Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақтелеком ұлттық акционерлік компаниясы, радио байланысының, радио хабары мен телевизиясының кәсіпорындары алатын табыстарды қайта бөлу есебінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

5. Мемлекеттік почта аппаратының шектеулі саны Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі орталық аппаратының саны мен сметасы шегінде республиканың мемлекеттік басқару органдарын ұстауға бөлінген қаржы есебінен 30 адам болып бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 2 абзацы алынып тасталды - ҚРМК-нің

1993.08.25. N 728 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, Мемлекеттік почта мен Қазақтелеком ұлттық акционерлік компаниясы туралы ережені үш ай мерзім ішінде әзірлеп, бекітетін болсын.

Ескерту. 4,5,6 - тармақтарында сөздер алмастырылған - ҚРМК-нің 14.12.1994 ж. N 1409 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірге тиісті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу туралы келісілген ұсыныстарды үш ай мерзім ішінде дайындап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне түсірсін.

8. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР Байланыс министрлігінің мәселелері туралы" 1991 жылғы 12 қарашадағы N 688 қаулысының 4-тармағы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі